

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№4 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/ZQUS9819>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/MRFF6853>

***А. Сейітбекова¹, М. Малбақов²,
Г. Мамырбек³, С. Құлманов⁴**

^{1,2,3,4}А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4268-1572>

²ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3352-0438>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7399-2122>

⁴ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8289-9299>

*e-mail: ainurseit@mail.ru

В. В. РАДЛОВ СӨЗДІГІ: АРАБ, ПАРСЫ СӨЗДЕРІНІҢ ЛЕКСИКОГРАФИЯЛАНУЫ

В. В. Радловтың «Опыт словаря тюркских наречий» сөздігі (бұдан әрі Радлов сөздігі) – XIX–XX ғғ. түркі халықтарының лексикасын қамтыған түркология саласындағы бірегей лексикографиялық еңбек. Әсіресе қазақ лексикасының қалыптану мәселесін зерттеуде құнды материалдардың бірі болып саналады. Қазақ лексикасының бір қабаты кірме сөздер екенін ескерсек, оның ішінде араб, парсы сөздерінің В. В. Радлов сөздігінде лексикографиялану дәрежесі, семантикалық ерекшелігі, қазіргі қазақ тілінде қалыптану мен қайта жаңғыру мәселелерін арнайы саралауды, талдауды қажет етеді. Мақаланың мақсаты – В. В. Радловтың сөздігіндегі араб, парсы сөздерінің лексикографиялану, қазіргі қазақ тілінде қалыптану үдерісін талдау. Бұл мақсаттан мынадай міндеттер келіп шығады: сөздіктегі араб, парсы сөздерін лексикографиялану ерекшеліктерін сипаттау, топтастыру; араб, парсы сөздеріне лингвостатистикалық талдау жүргізу; араб, парсы сөздерінің қазіргі қазақ әдеби тіліндегі сабақтастығын, қалыптану үдерісін талдау.

Зерттеу нәтижесінде лингвостатистикалық әдіс негізінде қазақ лексикасындағы араб, парсы сөздерінің саны анықталады; В. В. Радловтың сөздікке алған араб, парсы сөздерін лексикографиялауда өзіндік ұстанымдары айқындалады.

Зерттеудің практикалық мәні: Қазіргі қазақ тіліндегі кірме араб, парсы сөздіктерін құрастыруда, сондай-ақ Қазақ тілінің ұлттық корпусының «Тарихи ішкорпусындағы» ауыз әдебиеті үлгілері мәтіндерінің метабелгіленімдерін әзірлеуде сенімді тигізеді.

Кілтті сөздер: Радлов сөздігі, араб, парсы, сөзтізбе, тарихи лексикография, кодификация.

Кіріспе

В. В. Радлов XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы этнография, тарих, салыстырмалы лингвистика зерттеулерін байытып, түркітану ғылымының дамуына баға жетпес үлес қосты. Ғалымның жасаған түрлі экспедициялық, археологиялық зерттеу нәтижелері [1] үлкен төрт томдық лексикографиялық еңбектің әзірленуіне мұрындық болды. В. В. Радловтың бұл сөздігі – түркі тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің лексикасын зерттеуде осы күнге дейін өзіндік құндылығын жоймаған лексикографиялық еңбек.

В. В. Радлов қазақ лексикасының тазалығы туралы сөз еткенде, қазақ тілінің белгілі бір қабатына араб, парсы сөздерін жатқызады. Алайда бұл сөздер басқа түркі тілдерінде төл тіліндегі дыбыстық ерекшелігін сақтаса, қазақ тілінде фонетикалық заңдылыққа бағына игеріліп, қазақ тілінің қазынасына айналған [2]. Р. Сыздықтың айтуы бойынша: «Тіл – жанды құбылыс. Оның лексикалық қабаты әрбір 5–10, 20–30 және одан да ілгері кезеңдерде толығып, жаңа сөздер пайда болып, сұрыпталып, кейбір бірліктер қолданыстан ығысып ескіріп жататындықтан, оларды тіркеп, талдап отыру тіл білімінің әрдайым қолға алып отыратын қарекеті» [3]. Зерттеуімізде Радлов сөздігіндегі араб, парсы сөздерінің лексикографиялану ерекшелігін, фонетикалық игерілу құбылысын, қазіргі қазақ әдеби тілінде қалыптану, неологизмдену үдерісін талдауды мақсат етіп отырмыз.

Материал мен әдістері

В. В. Радловтың мұрасын зерттеген К. Хұсайын, Н. Бүркіттің, Ф. Ахметова-Урманче теориялық еңбектері басшылыққа алынды. Араб, парсы сөздерінің қазақ тіліне игерілу мәселесімен айналысқан Л. Рүстемов, Р. Сыздық, Б. Жұбатова, И. Жеменей еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу материалы ретінде академик В. В. Радловтың төрт томнан тұратын «Опыт словаря тюркских наречий» атты еңбегі пайдаланылды.

В. В. Радловтың сөздік түзудегі лексикографиялық параметрлері мен ұстанымдарын белгіледі анықтауда *тарихи лексикографиялық әдіс*, араб, парсы сөздерінің лексикалық құрамын анықтауда *лингвостатистикалық талдау әдісі*, лексикалық тілдік бірліктердің фонетикалық, семантикалық, грамматикалық ерекшеліктерін талдауда *тарихи-салыстырмалы әдіс*,

бірнеше мағынада қолданылатын сөздерді анықтауда семантикалық талдау әдісі пайдаланылады.

Нәтижелер мен талқылау

Лексикографиялық еңбектердегі сөзтізбеге алынған лексикалық бірліктерге лингвостатистикалық талдау жүргізу арқылы сол дәуірдің лексикасының және өзге тілдік қабатының қаншалықты орын алғандығы жайында тілтанымдық ақпарат береді Л. Ю. Тугушеваның айтуынша, сөздікте 1893 жылдан 1911 жылға дейінгі аралықта 24 басылыммен шыққан және шамамен 70 000 тілдік бірлік қамтылған. Бұл – үш тілді түркі-орыс-неміс тілдерінің сөздігі. Онда 40-қа жуық түркі тілдері мен диалектілерінің сөздері қамтылған [4]. М. Малбақов пен М. Берділәеваның есептеуі бойынша 40-қа жуық түркі тілдерінің ішінде қазақ лексикасына тән 8640 сөз бар екені анықталды.

Осы сандық мәліметтерді жинақтап, Радлов сөздігіндегі кірме араб, парсы сөздеріне лингвостатистикалық талдау жүргізгенімізде, есептеуіміздің қорытындысы шамамен мынадай болады (фонетикалық варианттары бар сөздерді алып тастағанда):

Кесте 1 – Радлов сөздігінің сөзтізбесіне алынған сөздер саны.

Радлов сөздігіндегі жалпы сөз саны	Қазақ сөздері	Қазақ лексикасындағы араб сөздері	Қазақ лексикасындағы парсы сөздері
70 000	8640	250	114
	12 %	2,89 %	1,32 %

Жалпы Радлов сөздігіндегі жалпы сөздердің ішінде қазақ сөздері 12 %-ын құрайды. Қазақ лексикасындағы араб сөздері парсы сөздеріне қарағанда көбірек қамтылған.

Кірме сөздерді әріп бойынша саралайтын болсақ, бірқатар айырмашылықтар байқалады. «А» әріптерімен басталатын араб, парсы сөздерінің сөзтізбесі мынадай:

Араб сөздері: айла, айт, айып, айбат, ауқат, ақыр, ақыл, ақиқат, ақірет, ақымақ, аят, айып, араз, арам, арыз, аруақ, алқа, Алла, адым, аспап, аза, азан, аман, аманат, амал.

Парсы сөздері: айдакар, анбар, ара, арамза, арман, адамзат, азар, азат, апын, абиыр, абдара.

Осы сияқты «Д» әрпімен басталатын араб, парсы сөздері былайша көрініс табады:

Араб сөздері: дауа, дағдыр, дерек, дәрет, дәм, дін, дәулет, дуа.

Парсы сөздері: дайым, дана, даныспан, далап, дадан, дау, дәуит, дәрігер, дерт, дәрмен, дат, десте, дем, дос, дүкен, дию, дидар, дәурен, дуана, дуакер, дутар, душар, дүйсембі, дүкен, дүние, дүре. Яғни сөздікте «А» әрпімен басталатын 27-сі араб сөзі, 11-і парсы сөзі; «Д» әрпімен басталатын 8-і араб сөзі, 26-сы парсы сөзі тіркелген. Бұл көрсеткіштен түйетініміз, а әрпімен басталатын араб сөздерінің көбі дерексіз атауларға, д әрпімен басталатын парсы сөздері тұрмыстық атауларға қатысты болғандықтан, көбірек кездеседі.

Осылайша барлық сөзді қарастырғанымызда, Радлов сөздігіне араб сөздері көбіне діни, қоғамдық-саяси, дерексіз ұғымдарға, парсы сөздері тұрмыстық бұйым атаулары, түрлі кәсіп иелеріне қатысты қамтылған. Парсы сөздерінің көбіне тұрмыстық атауларға қатысты көбірек болуының себебі ертедегі иран-түркі мәдени-экономикалық байланыстар тұрмыс-тіршілікке, сауда-сағтыққа, егіншілікке қатысты екені белгілі. Ислам дінін қабылдағанға дейін түркі халықтарының сөздік қорында жоқ кейбір заттық атаулар халық санасында парсы тілінен енген сөздермен қалыптанса, ислам діні енгеннен кейін араб сөздері көбіне дерексіз, рухани атаулармен толығып, жалпытүркілік атауларға ие болды. Б. Жұбатова: «Парсы тілі түркілердің күнделікті тұрмыс-тіршілігінің барлық саласында этносаралық байланыс құралы ретіндегі *Lingua franca* қызметін атқарса, араб тілі мұсылман әлемінде ғылым мен білім, дін тілі ретіндегі жазба әдеби тілге айналғанын айтады [5].

Сөздіктегі араб, парсы сөздерінің лексикографиялануы. Радлов сөздік мақаласының сол жағы атау сөз, оң жақ бөлігі орыс, неміс тіліндегі семантикалық түсіндірме мен дәйектемелік материалдардан тұрады. Сөзтізбеге алынған сөздің тік жақшада қай тілдерде қолданылатыны, яғни қай тілден енгендігі туралы ақпарат беріледі. Егер сөз бірнеше мағынада қолданылса, сол мағыналары түгел көрсетіледі. Мәселен, араб тілінен енген *айбат* сөзінің тік жақшадағы *Kir*. қырғыз диалектісінің, *Kkir* қара қырғыз диалектілерінің сөзбелгілері. Содан соң этимоны араб. белгісімен көрсетілген. Екі мағынасы дәйектемелік материалдармен берілген.

аібат [Kir. Kkir., von arab. **عبیت**, **vergl ai-**
бын, аібар]

1) (Kkir. Kir.) прекрасный, могучий, важный—
vortrefflich, mächtig, angesehen; бу аібат бо-
лар (Kir.) это хорошо будеть — das wird gut
sein; ағаң аібат кісі екән (Kir.) твой братъ
прекрасный человекъ — dein Bruder ist ein
vortrefflicher Mensch.

2) (Kir.) сердитый, грозный видъ — zorniges
Aussehen.

Сурет 1 – «Айбат» сөзінің сөздік мақаласы.

Қырғыз ғалымдары сөздіктегі Kir. белгісөзі байырғы қырғыз, яғни қазақ сөздеріне, одан кейінгі Kkir белгісөзі қара қырғыз сөздеріне қойылған, оның себебі қолжазбалардың көбі қазақ тіліне қатысты болса керек» деген пікір айтады [6].

Радлов сөздігіндегі араб, парсы сөздерінің сөздік мақаласы осы көрсетілген үлгідегі жүйені сақтағанмен, сөзтізбеге алынған сөздің қолдану аясы мен мағынасының тереңдігіне қарай әртүрлі беріледі.

Транскрипциялануы. В. В. Радлов орыстың академиялық әліпбиін негізге ала отырып, сөздікке арнайы транскрипция жүйесін құрады. Өзінің көптеген экспедициялық материалдары негізінде сол кезеңдегі түркі тілдеріне ортақ кездесетін кірме сөздерді әр тілдің (азербайжан, алтай, армян, түрік, башқұрт, қырғыз, татар, ұйғыр, хакас т.б.) дыбыстық және диалектілік ерекшеліктеріне сәйкес транскрипциялап, жеке-жеке сөзтізбеге алып, сол тілдердің белгісөзін (пометасын) қойып отырады. Ғалым осы жайында кітабының кіріспесінде былай дейді: «Чтобы облегчить сравнение наречий между собой, я указываю у каждого слова на родственные и соответствующие слова всех других наречий, так что читатель имеет возможность, без всякого труда, проследить и отыскивать связь родственных форм» [1]. Бұл В. В. Радловтың сөздік құрастырудағы басты артықшылығы деуге болады. Мәселен, арабтың *адаб* сөзі қарым, қазан, әзербайжан, осман диалектілерінде және шағатай тілінде а таңбасының үстінде умлаут қойылған нұсқасында, ал қырғыз, тараншы диалектілерінде а таңбасының үстіне умлаутпен қоса макрон нұсқасында берілген. Бұл кейбір түркі тілдеріндегі дауысты дыбыстың созылыңқылығын білдіреді.

ʾādāp [Krm. Kas. Dsch., آداب (Osm. Ad. OT.),
 آداب (Uig.), = arab. آداب]
 нрав, нравственность, ұлжылығ, хоромее
 воспитание, стыл, стыдлығ — die Sitte,

ʾādāp [Kir. Tar. Kür. Tara] = ʾādāp
 1) ұлжылығ, стыдлығ, стыл — die
 Sittsamkeit, Höflichkeit, Scham.
 2) (Kir.) ослушание — die Folgsamkeit, der
 Gehorsam.

Сурет 2 – «Әдеп» сөзінің екі түрлі транскрипцияланған нұсқасы.

Көрсетілген транскрипция жүйесі әртүрлі диалектілердің фонетикалық, графикалық айырмашылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

В. В. Радловтың жинаған шығармаларының көбі халық ауыз әдебиеті үлгілері болғандықтан, сөздікте кітаби лексикалық бірліктер молынан кездеседі. В. В. Радлов сөздікке жоғарыда айтылған ұстаныммен кітаби тілде кездесетін араб, парсы сөздерін қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеу тілінде игерілген тұлғасында транскрипциялайды. Мысалы: *данешмәнд емес, данышман; тағам емес, дәм; араб емес, арап, сиан емес сия, харамзаде емес, арамза* т.б. В. В. Радлов бұл жайында: «... бұл кітаби өлеңдерді мен қазақ тілінің табиғатына жат грамматикалық формалар мен сөздерден сақтай отырып, араб және парсы тілдерінен енген сөздерді қолжазбада өте дұрыс жазылғанына қарамастан, сол қарапайым халықтың ауызша формасында беруге тырыстым. Осылайша бұл жазбалар түпнұсқадағына қарағанда әлдеқайда қазақы сипат алды», – дейді [1].

Сөзтізбеге араб, парсы сөздерінің ауызекі сөйлеу тіліндегі фонетикалық варианттары қоса қамтылған: *салам/сәлем, дұрыс/дұрыст, надан/дадан, тәріп/дәріп, зекет/секет, дұшпан/дұспан, дүйсембі/түйсембі, даныспан/данышман, рұқсат/лұқсат, қалық/халық, далап/талап* т.б. Кейбір тұстарында *arab.; pers.* белгісөздері сол кезеңдегі жиі қолданылатын тек бір вариантына ғана қойылған. Мәселен, *pers.* белгісөзі *дадан* сөзіне емес, *надан* сөзіне қойылған, *дүйсембі* сөзіне емес, *түйсембі* сөзіне қойылған:

Надан (сын) *pers.* – незнающий, невежественный, глупый,

необразованный, дерзкий, грубый;

Дадан (сын) – надан; незнающий, необразованный;

Түйсембі (зат) (дүйсенбі) *pers.* – понедельник;

Дүйсембі (зат) – понедельник.

Алайда араб, парсы тілдерінен енген бірқатар сөздеріне *arab.; pers.* белгісөздері қойылмай кеткен. Мәселен, *адам, асыл, ажуа, абдыра/абдара* т.б. Белгісөздердің *arab.; pers.* қойылмау себебі араб, парсы сөздерінің түркі тілдеріне ерте кезден еніп, қазақ тілінің төл сөзіндей қабылдауынан болса керек.

Осылайша Радлов сөздігіне XIX–XX ғғ. қазақ лексикасындағы бір мағынадағы түрлі нұсқада жазылған кірме сөздер барынша қамтылған.

Сондықтан Радлов сөздігі араб, парсы сөздерінің қазіргі жазба тілде бірте-бірте нормалануына, қалыптануына игі ықпалын тигізген, кірме сөздер бойынша тарихи тілдік фактілер жинақталған алғашқы сөздіктердің бірі деуге болады. Бұл жайында Проф Н. Уәли: «Қазақ әдеби тілінің нормаларын практикалық жақтан алғаш қалыптандыру (кодификациялау) қазақ сөзінің хатқа түсе бастаған кезі болса, жазу нормаларын ғылыми жақтан қалыптандыру емле ережелері мен сөздіктерден басталады», – дейді [7].

Дефинициясы. Дефиниция – сөздік мақаланың маңызды бөлігі, сөзге берілетін қысқаша анықтама [8]. В. В. Радлов сөздік мақалаға алынған араб, парсы сөздерін әртүрлі тәсілдермен ашқан. Мәселен,

1 Түркі тілдерінде қолданылуы шектеулі сөздерді бір ғана сөзбен түсіндірген:

Даст (Krm.) pers. – рука.

Дард (Osm.) pers. – боль.

2 Синонимдес сөздердің тізбегімен ашқан:

Дастан (Krm.) pers. – рассказ, роман, басня.

Дабыл (Osm.) pers. – барабан, тамбурин.

3 Сөзге қысқаша түсініктеме беру арқылы анықтаған:

Дастар (Tar.) pers. – большая вышитая чалма.

Дастгір (Osm.) pers. – взявший рукой, покровитель, взявший в план пленение, пленник.

Сөздік мақалаға араб, парсы сөздерінің сол кезеңдегі семантикалық ерекшеліктеріне қарай бір немесе екі не одан да көпмағыналы сөздер қамтылған. Осыған орай сөздік мақалаларды топқа бөліп қарастыруға болады:

1 Түркі тілдеріне ортақ қолданылатын араб, парсы сөздері

2 Өзге түркі тілдеріне ғана тән араб, парсы сөздері

1 *Түркі тілдеріне ортақ қолданылатын араб, парсы сөздері.* Радлов сөздігінде түркі тілдеріне ортақ араб, парсы сөздері көп қамтылған: *абыр, абыз, аян, әдет, аманат, дау, дайым, ажал т.б.* Алайда белгілі бір лексикалық бірлік бір тілде екі мағынада қолданылса, екінші тілде үш мағынада қолданылады. Мәселен, парсының дана сөзінің Радлов сөздігінде: қазақ, осман тілдерінде мынадай мағыналары бар:

*Дана*¹ 1) ум, сообразительность; 2) сведущий, умный; дана адам – умный человек; 3) ученый.

*Дана*² осман тілінде: Теленок – кричать как теленок.

*Дана*³ осман тілінде: 1) Зерно, ягода; 2) Штука [9].

Радлов сөздігінде бір немесе екі мағынада тіркелген сөздер қазіргі қазақ әдеби тілінде семантикалық өрісі кеңейген:

*Дана*¹ Біртектес көп заттардың жекесі, біреуі;

*Дана*² 1 Көпті көрген, тәжірибесі мол, оқыған-тоқығаны көп, ақыл-парасатын халық, жұрт мойындаған. 2. Дұрыс, терең, ақиқат. 3. Әділ тұра. // Кемеңгер, ақылды, білімге тәжірибесі мол, рухани әлемі бай, ел-жұрт мойындаған [10].

Радлов сөздігіндегі «дана» сөзінің көрсетілген омонимдік қатардың қазіргі қазақ тілінде бірінші және үшінші мағыналары сақталған. Қазіргі қазақ әдеби тілінде уақыт өте ішкі мағынасы біршама кенейіп, қалыптанғаны байқалады. Бұдан бұл сөздерден ежелден келе жатқан түркі халықтарына ортақ ұғым екендігін білдіреді.

Парсының «күн» мағынасындағы *anman* сөзі тараншы, қара қырғыз диалектілеріне ортақ сөз ретінде алынған, сонымен шағатай кітаби бірлік ретінде көрсетілген. Қазіргі қазақ тілінде мағынасы кеңейген: 1. Күннің көз сәулесі. 2. Күннің ыстығы, қызуы. 3. Ауыс. Қаһар, кәр, ызғар [10]. Тіпті қазақ тілінде парсы және түркі сөздерінің қатар келіп, стильдік мақсатта аптап ыстық плеоназмдық тіркес болып қалыптанған.

2 *Өзге түркі тілдеріне ғана тән араб, парсы сөздері.* Сөздікте 40 жуық түркі тілдері мен диалектілерінің сөздері қамтылғанын ескерсек, В. В. Радлов әр тілдің сөздік қорындағы араб, парсы сөздерін сол тілдердің қолданысына қарай іріктеп, жүйелеп тіркеп отырған. Ғалымның өзге түркі тілдеріндегі араб, парсы сөздерін фонетикалық, семантикалық ерекшеліктеріне, реңктеріне қарай топтастырып мольнан қамтуы және сөздік мақала әзірлеуі, шығыс сөздері бойынша да көп ізденгендігін білдіреді. В. В. Радловтың айтуынша, сөздікке тек лексикалық материалдарды ғана жинап қоймай, қосымша Н. И. Ильминский, Л. З. Будагов, А. Тронский, Н. Вамбери, И. Гиганованың т.б. сөздіктеріндегі материалдарды пайдаланған. Соның ішінде Н. Вамберидің «Джагатайский этюд» еңбегіндегі лексикалық бірліктерді сөздігінің сөзтізбесіне алғанын ескерсек, қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын, алайда өзге түркі тілдеріне тән араб, парсы сөздері сөздік мақаланың біршама бөлігін құрайды. Мәселен, *абдаст* (омовение), *даһил* (войти), *дават* (приглашение), *дастара* (ручна пила), *дафтардар* (заведущий книгами о доходах и расходах), *дафине* (сокровище), *зымыстан* (зима, мороз) т.б. Мәселен, парсының «от» мағынасындағы *аташ* сөзі осман, қырым диалектілеріне ортақ болса, «ауру» мағынасындағы хасте сөзі луцк қарайымы, троки қарайымы тілдеріне ғана тән екендігін көрсетеді.

Бұл сөздер ортағасырлық жалпытүркі халықтарының күнделікті сөйлеу және жазба әдеби тілінің лексикасында актив қолданылғандықтан, қазіргі түркі тілдерінің лексикасына да жат болмаса керек. Себебі қазіргі қазақ тілінде қолданылмайтын кейбір араб және парсы сөздері өзбек, түркмен, түрік, әзірбайжан т.б. түркі тілдерінде кездеседі. Басқа түркі тілдерінен тағы бір айырмашылығы, өзбек тіліне ауысқан парсы сөздері, дыбыстық тұлғасы

тұрғысынан еш өзгеріссіз қолданылады. Бұның себебі орта ғасырда тәжік-парсы тілі Ферғана, Зеравшан, Қашқадарияда және Орта Азияның басқа да аудандарында кең таралып, халықаралық тіл қызметін атқарды. Яғни жазу-сызу мәдениеті жоғары дамыған тәжік-парсы тілі XV ғасырда Маргеланда, XVIII ғасырдың аяғына дейін Мервте және XX ғасырдың басына дейін де қолданылып келді.

Осылайша ескі және қазіргі кезеңдегі сөздіктердегі араб, парсы сөздерінің семантикалық құбылысын салыстыру арқылы қазіргі түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ әдеби тіліндегі даму динамикасын анықтай аламыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл мақалаға Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржылық қолдау көрсетті (грант ЖТН АР19677715 «В. В. Радлов сөздігі: XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)»).

Қорытынды

В. В. Радловтың сөздікке алынған араб, парсы сөздері бойынша мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді:

біріншіден, лингвостатистикалық талдау нәтижесінде сөздіктегі 700000 лексикалық бірліктен қазақ сөздері 12 % құрайды, оның ішінде араб сөздері – 2,7 %, парсы сөздері – 1,2 %. Бұл көрсеткіштен В. В. Радловтың Кіг. қырғыз диалектісі деген белгісөзді қазақыланып кеткен араб, парсы сөздеріне де қойған деген қорытындыға келуге болады;

екіншіден, халық ауыз әдебиеті үлгілері шығармаларындағы араб, парсы сөздерін лексикографиялауда өзіндік ұстанымдары болғаны анықталды:

- сол кезеңдегі түркі тілдеріне ортақ кездесетін кірме сөздерді әр тілдің (азербайжан, алтай, армян, түрік, башқұрт, қырғыз, татар, ұйғыр, хакас т.б.) дыбыстық және диалектілік ерекшеліктеріне сәйкес транскрипциялап, жеке-жеке сөзтізбеге алып, сол тілдердің белгісөзін қойып, сөздік мақаласын әзірлеген;

- кітаби тілде кездесетін араб, парсы сөздерін қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеу тілінде игерілген тұлғасында транскрипциялаған;

- *Кіг.* белгісөзін қазақ жұртшылығына түсінікті, қазақтың төл сөзіндей болып кеткен араб, парсы сөздеріне қойған;

- сол кезеңдері жазба әдебиетте бірнеше фонетикалық вариантта кездесетін араб, парсы сөздерінің барлығын сөзтізбеге алған және оның ішінде жиі қолданылатын тек бір вариантына ғана (arab.; pers.) төл тіліндегі белгісөзін қойған;

● сөздік мақалада дефиниция түркі тілдерінің семантикалық ерекшеліктеріне қарай берілген;

үшіншіден, сөздікке тіркелген араб, парсы сөздері екі топқа бөліп қарастырылды. Атап айтқанда, 1. Түркі тілдеріне ортақ қолданылатын араб, парсы сөздері. 2. Өзге түркі тілдеріне ғана тән араб, парсы сөздері. Осы топтан сөздікке түркі тілдеріне ортақ араб, парсы сөздерінің көбірек қамтылғаны және өзге түркі тілдерінде көбіне омонимдік қатар құрайтыны анықталды;

төртіншіден, Радлов сөздігіндегі араб, парсы сөздері қазіргі қазақ әдеби тіліндегі мағыналырымен салыстыру нәтижесінде мағынасын сақтап қалғандар да, жаңа мағынаға ие болғандар да бар. Яғни олардың кейбірі қазіргі әдеби тілдің нормасын қалыптастырса, кейбірі қазақ терминологиясында қалыптанып, неологизмденген сөздер қатарынан да орын алған.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Радлов, В. В.** Опыт словаря тюркских наречий [Текст]. – СПб. : Тип. Имп. акад. наук, 1888–1911 гг. Том I–IV.

2 **Радлов, В. В.** Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Дзунгарской степи. Ч. 3. Киргизское наречие [Текст]. – Санкт-Петербург : Тип. Имп. акад. наук, 1870. – 712 с.

3 **Сыздықова, Р.** Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Ғылыми-танымдық зерттеу [Текст]. – Алматы : Арыс, 2009. – 272 б.

4 **Тугушева, Л. Ю.** В.В. Радлов – лексикограф и лексиколог [Текст]. // Тюркологический сборник. – М. : Наука, 1972. – С. 42–53.

5 **Жұбатова, Б. Н.** Қазақ тіліндегі араб, парсылық кірме фразеологизмдер [Текст].: Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. 10.02.02 мамандығы. – Алматы : 2010. – 40 б.

6 **Мусаев, С. Ж., Садыкова, С. З.** Лексика кыргызского языка в словаре В. В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» [Текст]. № 1(79) 2018.

7 **Уәли, Н. М.** Графикалық өнер. Орфография. Орфоэпия [Текст]. – Алматы : 2018. – 250 б.

8 **Alberts, M.** Lexicography versus Terminography [Text] // Lexikos. – 2001. – Т. 11.

9 [Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том.](#) [Текст]. – Алматы, 2011. 752 б.

10 [Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-том.](#) [Текст]. – Алматы, 2011. – 752 б.

References

1 **Radlov, V. V.** Opyt slovarya tyurkskikh narechiy [The experience of the dictionary of Turkic dialects] [Text]. – St. Petersburg : Type. Imp. Academy of Sciences, 1888–1911. Volume I-IV.

2 **Radlov, V. V.** Obraztsy narodnoy literatury tyurkskikh plemen, zhivushchikh v Yuzhnoy Sibiri i Dzungarskoy stepi. CH.3. Kirgizskoye narechiye [Samples of folk literature of Turkic tribes living in Southern Siberia and the Dzungarian steppe. Part 3. Kyrgyz dialect] [Text]. – St. Petersburg: Type. Imp. Academy of Sciences, 1870. – 712 p.

3 **Sızdıqova, R.** Qazaq tilindegi eskilikter men jañalıqtar. Ğilmä-tanımdı zertew [Old and new in the Kazakh language. Scientific and Cognitive Research] [Text]. – Almaty : Aris, 2009. – 272 p.

4 **Tugusheva, L. YU.** V. V. Radlov – leksikograf i leksikolog [V. V. Radlov – lexicographer and lexicologist] [Text]. // Turkological collection. – M. : Nauka, 1972. – pp. 42–53.

5 **Jubatova, B. N.** Qazaq tilindegi arab, parsılıq kirme frazeologizmdar [Arabic and Persian idioms in the Kazakh language] [Text]. : Diss prepared to obtain the degree of Doctor of philology. abstract. Specialty 10.02.02. - Almaty: 2010. – 40 p.

6 **Musayev, S. ZH., Sadykova, S. Z.** Leksika kyrgyzskogo yazyka v slovare V. V. Radlova «Opyt slovarya tyurkskikh narechiy» [The vocabulary of the Kyrgyz language in the dictionary of V. V. Radlov «The experience of the dictionary of Turkic dialects»] [Text]. № 1(79) – 2018.

7 **Wäli, N. M.** Grafikalıq öner. Orfografiya. Orfoépiya [Graphic art. Spelling. Orthoepy] [Text]. – Almaty : 2018. – 250 p.

8 **Alberts, M.** Lexicography versus Terminography [Tekst] // Lexikos. – 2001. – T. 11.

9 Qazaq ädebı tiliniñ sözdigi. On bes tomdıq. 4-tom. [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 4.] [Text]. – Almaty, 2011. – 752 p.

10 Qazaq ädebı tiliniñ sözdigi. On bes tomdıq. 1-tom. [Dictionary of the Kazakh literary language. Fifteen volumes. Volume 1.] [Text]. – Almaty, 2011. – 752 p.

30.05.24 ж. баспаға түсті.

11.06.24 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*А. Сейтбекова¹, М. Малбаков², Г. Мамырбек³, С. Құлманов⁴

^{1,2,3,4}Институт языкознания

имени А. Байтұрсынулы,

Республика Казахстан, г. Алматы

Поступило в редакцию 30.05.24.

Поступило с исправлениями 11.06.24.

Принято в печать 25.11.24.

СЛОВАРЬ В. В. РАДЛОВА: ЛЕКСИКОГРАФИРОВАНИЕ АРАБО-ПЕРСИДСКИХ СЛОВ

Словарь В. В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» (даже словарь Радлова) – уникальный лексикографический труд в области тюркологии который, охватывает лексику тюркских народов XIX–XX вв. Особенно считается одним из ценных материалов для изучения вопросов формирования казахской лексики. Учитывая, что одним из основных пластов казахской лексики являются арабские и персидские слова, степень их лексикографирования, семантические особенности использования в словаре Радлова и их формирования, возрождения в современном казахском языке требует специального изучения. Целью настоящей статьи является анализирование лексикографирования арабских и персидских слов в словаре Радлова и их процесс кодификации в казахском языке. Достижение этой цели осуществляется путем решения следующих задач: выявить арабских и персидских слов в словаре; описать особенности лексикографирования и произвести классификацию; провести лингвостатистический анализ арабским, персидским словам; анализировать преимущества и кодификации арабских, персидских слов с современным казахским литературным языком.

В результате исследования на основе лингвостатистического метода будут определены количество арабских, персидских слов в казахской лексике; будут выявлены принципы лексикографирования В. В. Радлова арабских, персидских слов, взятых в реестр.

Практическая ценность исследования: будет способствовать созданию современного казахского арабо-персидского словаря, также разработке метаразметок текстов образцов устной литературы «Исторического подкорпуса» Национального корпуса казахского языка.

Ключевые слова: словарь Радлова, арабский, персидский, историческая лексикография, кодификация.

*A. Seitbekova¹, M. Malbakov², G. Mamyrbek³, S. Kulmanov⁴

^{1,2,3,4}Institute of Linguistics

named after A. Baitursynuly,

Republic of Kazakhstan, Almaty

Received 30.05.24.

Received in revised form 11.0624.

Accepted for publication 25.11.24.

DICTIONARY OF V. V. RADLOV: LEXICOGRAPHY OF ARABIC-PERSIAN WORD

V. V. Radlov's dictionary «The experience of the dictionary of Turkic dialects» (hereinafter Radlov's dictionary) is a unique lexicographic work in the field of Turkology that covers the vocabulary of the Turkic peoples of the XIX–XX centuries. It is especially considered one of the valuable materials for studying the formation of the Kazakh vocabulary. Considering that one of the main layers of the Kazakh vocabulary are Arabic and Persian words, the degree of their lexicography, the semantic features of their use in Radlov's dictionary and their formation, the revival in the modern Kazakh language requires special study. The purpose of this article is to analyze the lexicography of Arabic and Persian words in Radlov's dictionary and their codification process in the Kazakh language. This goal is achieved by solving the following tasks: to identify Arabic and Persian words in the dictionary; to describe the features of lexicography and classify; to conduct a linguistic and statistical analysis of Arabic, Persian words; to analyze the continuity and codification of Arabic, Persian words with the modern Kazakh literary language.

As a result of the research, the number of Arabic and Persian words in the Kazakh vocabulary will be determined on the basis of the linguostatistical method; the principles of V. V. Radlov's lexicography of Arabic and Persian words taken into the register will be revealed.

Practical value of the research: it will contribute to the creation of a modern Kazakh Arabic-Persian dictionary, as well as the development of meta-tags of texts of samples of oral literature of the «Historical subcorpus» of the National Corpus of the Kazakh language.

Keywords: Radlov's dictionary, Arabic, Persian, historical lexicography, codification.

Теруге 25.11.2024 ж. жіберілді. Басуға 25.12.2024 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
4,57 МБ RAM
Шартты баспа табағы 30,79. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Тапсырыс № 4311

Сдано в набор 25.11.2024 г. Подписано в печать 25.12.2024 г.
Электронное издание
4,57 МБ RAM
Усл. печ. л. 30,79. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова
Корректор: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас
Заказ № 4311

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz